

Семинардың тақырыбы: *Көркем троп түрлері*

Семинардың мақсаты: *Метафора, метонимия, синекдоха – көркем троп түрлеріне тоқталу, оларды талдау, жаттығулар орындау.*

Глоссарий

Метафора (грек *metaphora* – ауыстыру) – троптың (құбылтудың) бір түрі. Құбылыстар мен заттардың ұқсастық белгілері негізінде астарлы мағынада қолданылуы. *Метафораны* сөз өнері (поэтика, риторика), эстетика, логика, философия, тіл (стилистика, лексикология, психоллингвистика) ғылымдары зерттейді. «Метафора табиғатында жұмбақтылық бар» (*Аристотель*). Сөз өнерінде метафораның символикалық, эмоционалдық ерекше мәні бар. Абай өлеңдеріндегі «жастықтың оты», «жүректің көзі», «дүние есігі» деген метафоралармен қатар дәстүрлі қолданыстағы метафоралар кездеседі: жан азығы, табиғат-ана, өмір-өзен, өмір сыбағасы, асау толқын, т.б.

Әдеби тілді ажарлау аз, құбылту керек. Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлілігі үшін де орасан қажет тәсіл – құбылту, яки троп (грекше *tropos – иін, иірім*) сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп, таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті өңін айналдырып айту. Бұл ретте әдеби тілді ажарлау оны құбылтудың алғашқы кезеңі – ең қарапайым түрі деуге болар еді. Құбылтудың (троптың) түрлері көп. Әдеби тілдегі ең басты құбылтулардың бірі – ауыстыру, яки метафора (грекше *metaphor – көшіру*) – сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау; сөйтіп, суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту.

(*З.Қабдолов «Сөз өнері»*)

Метафора туралы түсінік, зерттелуі

Метафора – экспрессивтік қызмет атқаратын тілдік амал.

Метафора (грек. *metaphora* ауысу) – зат пен құбылыстың ұқсас белгілеріне қарай (түрі, түсі, қызметі т.б. қасиеттеріндегі) сөздің ауыспалы мағынада қолданылуы. Ал метафоралану – ауыспалы мағыналардың пайда болуына және экспрессивтік қасиеттерінің күшеюіне байланысты сөздің мағыналық ауқымының кеңеюі. Автордың дара стилін танытатын басты белгілердің бірі – метафора. Метафорасы дәл жеткізілген түпнұсқаның қай-қайсысының да бағы бар. Көркем шығарма құрылымындағы эмоциялық, эстетикалық жүктің көбін көтеретін метафора жоғалған жағдайда, аударма ажары ашылмақ емес. Заттар мен құбылыстардың ортақ белгілері мен

қасиеттерін ұқсату немесе салыстыру тұрғысынан алғанда, метафора мен салыстырудың негізі бір. Алайда салыстыру мен метафораның өзіндік айырмашылықтары да жоқ емес.

Метафора – сыртқы және ішкі белгілеріндегі (тұлғасындағы, кимылындағы не атқаратын қызметіндегі т.б.) ұқсастыққа қарап, бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы болып табылады. Мағына ауысуының бұл тәсілінің негізінде ұқсату заңы жатыр. Метафораға келесі сипаттамалар тән: метафора әлемді тану мен ойлаудың құралы, метафора фундаментальды мәдени құндылықтарды көрсетеді немесе мәдени-ұлттық дүниетанымға негізделеді.

Адамның қоғамдық қызметі үлкен дәрежеде оның сөйлеу тіліне де ықпал тигізеді. Солардың ішіндегі ең көркем тіл құралы метафора болып табылады. Метафора зерттеуінің негізінде көркем әдеби тіл жатыр. Мысалы, Н.Д.Арутюнова: «Метафора, органикалық тұрғыдан, әлемді поэтикалық көзқарастан көру болып табылады» – деп атайды. Метафораны антика заманынан бастап зерттеген, бұл кезде метафораны ғалымдар мен ойшылдар ғылыми зерттеудің объектісі ретінде қарастырды. Метафора табиғаты туралы алғашқы антикалық түсініктеме берген Аристотель болған. Аристотель метафораны басқа сөздің орын ауыстыра алатын әдіс деп қарастырған, оны теңеу мен жұмбаққа ұқсатты. Сонымен қатар ол метафора табиғатында эстетикалық, психологиялық және танымдық функциялары бар деп көрсетті. Рим заманындағы метафора теориясы – Аристотель идеясының әрі қарай дамуын тапқан. Осы замандағы метафора, теңеу теориясынан тыс шықпады және шешендік шеберліктің дамуымен байланысты оның тілдегі және мәтіндегі қолданысы артып келеді. Метафораның аталымдық сипатын ашу – қазіргі қазақ тіл білімінде енді зерделене бастаған мәселелердің бірі. Метафораны әлем лингвистикасында зерттелуі жоғарыда аталып өткендей ерте кезден басталған. Ежелгі Грек философы Аристотель, ежелгі Рим шешені, философ Марк Туллий Цицерон; Орыс зерттеушілері А.А.Потебня, В.Г.Гак, В.Н.Телия, Н.Д.Арутюнова және т.б.; Қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы, М.Балақаев, Б.Хасанов, Ә.Болғанбайұлы, Б.Қалиев, Б.Қасым және т.б. зерттеу еңбектерінен орын алады. Б.Х. Хасанов қазақ метафораларын екіге бөледі: «біріншісі-белгілі бір шешеннің сөз саптауынан пайда болған индивидуалдық метафора, екіншісі-халықтық сипат алған дәстүрлі метафоралар. Бірақ екеуінің ашық ара-жігі жоқ, өйткені, жеке авторлар жасаған метафоралар көбіне халықтың дәстүрлі метафоралардың ізімен жасалады және олардың көпшілікке кең таралуы мүмкін». Дәстүрлі метафоралар жақсы таныс нәрселер мен құбылыстарды салыстыру арқылы пайда болады. Адам баласы өзіне қажетті материалдық игіліктерді уақыт озған сайын небір жаңа түрлерін, жаңа үлгілерін өндіріп, жетілдіріп, дамытып отырады. Сонда неғұрлым жетілген зат пен бастапқы қарапайым заттың арасында қызмет бірлігі, белгілі бір жұмысты атқаруы жағынан ортақтық болуы мүмкін. Мұндай жағдайда бұл екеуінің бір атаумен атала беруі заңды нәрсе. Олай болса, тіліміздегі жаңа сөздерді, бар сөздердің мағыналарының кеңеюін, қолдану әсерінің әртараптануын жаңа

құбылыстардың жетістіктерінің қажеттіліктерінен туған өзгерістер деп санаймыз.

Газет айдарлары мен мақала тақырыптарын аудару үшін, оның қоғамда атқаратын қызметін зерттеп білудің маңызы зор. Әсіресе тоқсаныншы жылдардан басталған қоғамдағы өзгерістер ақпарат құралдарынан көрініс тауып, оның динамикалы түрде өзгеруіне әкеп соқты. Мақала айдарларының, тақырыптардың мағыналық тереңдігі мен жарнамалылығы және өзектілігі арта түсті. Мақала тақырыптары атаулық, ақпараттық, жарнамалық қызмет атқарады. Газет-журнал айдарлары мен мақала тақырыптары оқырманның сана-сезіміне әсер ететіндей экспрессиялы әрі екіұшты болып келеді. Сонысымен оқырманды өзіне тартып, мәселенің қалай нақты өрбігенін білу үшін мақаланы оқуға деген қызығын арттырады. Баспасөз қызметінің тағы бір қызметі жарнамалау осылай жүзеге асады.

Газет айдарлары (рубрика), мақала тақырыптарына қарағанда қысқа әрі жалпылама болады. Ал мақала тақырыптары нақты, ауқымды болып мәселенің не туралы екендігінен хабар береді.

Тіл-тілдегі метафора мінездеме беруге, әсіресе тұлғаларға мінездеме беруге аса қолайлы, өйткені метафораның тууының өзі адам сезімімен ұштасып жатады. Өзінің ішкі сезімін, әсерін адам мен адам қарым-қатынас кезінде сыртқа шығара алады, сол кезде метафора тілде жаңа мағыналы сөздердің туындауына, көпмағыналық пен эмоционалды-экспрессивті лексиканың дамуына жағдай тудырушы қолайлы «ортаға» айналады .

«Метафора – бір-бірінен алшақ жатқан ғылым салаларының терминологиялық жүйелерін жақындастырады» (Б.Қ. Момынова. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. 69-б.).

Метафора

Белгілі бір зат не құбылыс атауы басқа бір зат не құбылыстың түрі, тұлғасы, қимыл-әрекет ұқсастықтарына қарай ауысып аталу тәсілін метафора деп атайды. Мысалы, *иненің көзі, бұлақтың көзі, істің көзі, күн көзі* дегендегі көз сөздері адам не жануардың көру мүшесі көзге ұқсату арқылы аталған ауыспалы мағынадағы сөздер. Метафоралық тәсіл арқылы пайда болған ауыспалы мағыналардың барлығы дерлік жалпы халыққа түсінікті байырғы сөздерден жасалады. Мысалы, *өткір пышақ - өткір сөз, өткір жігіт, өткір ой; құстың қанаты - қол қанат, әскердің қанаты, сол қанат; салқын су-салқын сөз, салқын жүз* т.б. Сондықтан да сөздің тура мағынасы сияқты ауыспалы мағынасы да жалпы халыққа түсінікті болып келеді. Бірақ метафора тәсілі арқылы жасалған ауыспалы мағыналар жалпы халыққа түсініктілігі мен қолдануы жағынан бірдей болып келе бермейді. Көркем әдебиеттегі метафоралар жалпы халық тіліндегі метафорадан бөлектеу

болады. Көркем әдебиетте күнделікті қолданылып жүрген метафоралардан әлдеқайда образды, әлі халыққа тарамаған күйде келеді. Мысалы: немістің ұлы ақыны Иоганн Вольфганг Гётеден М.Ю. Лермонтов «Горные вершины», – деп аударса, қазақ тіліне *Абай*:

**«Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап,
Даланы жым-жырт, дел-сал қып,
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жолдағы,
Сілкіне алмас жапырақ,
Тыншығарсың сен дағы,
Сабыр қылсаң азырақ»**

**«Горные вершины
Спят во тьме ночной;
Тихие долины
Полны свежей мглой;
Не пылит дорога,
Не дрожат листы...
Подожди немного,
Отдохнёшь и ты»** (М.Ю. Лермонтов)

Көркем әдебиетте қолданылатын метафоралар образдылығымен қатар тұрақты метафора және индивидуальдік метафора деп екіге бөлінеді. Сонымен қазақ тіліндегі метафора арқылы ауыспалы мағына туғызу тәсілі үш түрге бөлінеді.

1.Тілдік метафора – жалпы халық тілінде: сөйлеу, жазу, оның ішінде әдеби шығармаларда да кең қолданылады. Бірақ олар әдебиетте көркем образ, суреттеу құралы ретінде емес, стильаралық лексика түрінде қолданылады. Мысалы: *таудың басы, өзеннің басы, қос басы, шөп басы, сөз басы, әскер басы; кітап беті, істің беті, судың беті, жердің беті.* т.б.

2.Тұрақты метафора – жалпы халық қолданылатын, бірақ суреттеу құралы ретінде образдылығымен ерекшеленетін ауыспалы мағыналы сөздер. Мысалы: *сары алтын(бидай), қара алтын (көмір), ақ алтын (мақта), көгілдір экран (телевизор), жасыл алаң (футбол), барқыт түн, алтын күз, сөз маржаны.*

3.Индивидуальдік метафора. Бұл топқа сөз шеберлерінің метафора тәсілі арқылы қолданған көпшіліктің қолданысында жоқ метафоралар енеді. Мысалы: *Жақсылық жауып,
Дүниені мынау селе етсе,
Жауыздықтардың, жамандықтардың барлығына,
Көрге алып кетем керексе* (М.Мақатаев).

Метонимия

Қазақ тілінде сөз мағынасының ауысып қолданылу тәсілінің бірі метонимия деп аталады. Метонимия іргелес екі заттың не құбылыстың бірінің атауы екіншісіне ауысып айтылуынан пайда болады. Мысалы: *Жаз аяғында бір оқыс мінез көрсеткеннен бері Қарағанды тыныш тұрып жатыр. (Ғ.Мүсірепов). Мен бұрын Толстойды көп оқыған едім. (М.Әуезов).* Осы екі сөйлемде *Қарағанды сөзі Қарағанды халқы, Толстой-Толстойдың кітабы, шығармасы* дегенді аңғартып тұр. Мұнда іргелес тұрған халық, кітап сөздерінің мағынасы Қарағанды, Толстой сөздеріне ауысып, жаңа қолданыста айтылып тұр. Қазақ тілінде метонимияның түрлері көп. Олардың жасалу жолдары мыналар. Қимыл-әрекет атауынан нәтиже атауына ауысу арқылы пайда болған сөз мағыналар бар. Мысалы: *ою (қимыл атауы), ою(іс-әрекет нәтижесінде пайда болған зат).* Бұл тәсілмен жасалған сөздерге *жабу-жабу, соғыс-соғыс, ұрыс-ұрыс* т.б. жатады. Бұл тәсілмен жасалған метонимияға ағаш жару – отын жару, шөп шабу – пішен шабу деген қос тіркестердің екіншісін жатқызуға болады. Себебі ағаш шөп қимылға негіз объект болған болса, отын, пішен сөздері қимыл нәтижесін көрсететін сөздер. Заттың материалдық атауы, сол материалдан жасалған бұйым атауына ауысады. Мысалы: *үкі (құс), үкі (сәндік бұйым), құндыз (аң), құндыз (теріден жасалған жаға, бөрік)* т.б. Ыдыс атаулары сол ыдысқа салынған затқа ауысып айтылады. Мысалы: *Қазан піскенше бәрі машина көруге кетті. (Ғ.Мұстафин)* дегенде қазанның ішіндегі *тамақ* деген мағына туып тұр.

Синекдоха

Сөз мағынасын ауыстырып қолдануда жиі кездесетін тағы бір тәсіл синекдоха. Синекдоха деп бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, немесе керісінше атау арқылы сөз мағынасының ауысын айтады. Мысалы: *Бас екеу болмай мал екеу болмайды* дегенде *бас* сөзі адамның дене мүшесі емес, адамның өзін аңғартып тұр. Бүтіннің орнына бөлшек қолданылған.

Алдар көсе, Шығайбай, Қожанасыр, Қарабай сияқты жеке адам аттары жалпы мағынаға ие болып (бірі –қу, бірі – аңқау, бірі – сараң) деген жалпы мағынаға ие болған. Бұл жалқының жалпыны білдіруі болып табылады. Синекдоха метонимиямен өте жақын. Сондықтан да кейбір ғалымдар бұл екі тәсілді бір нәрсе деп қараса, енді біреулері бөліп қарағанымен біріне қатысты мәселені екіншісіне жатқызып та жүр.
(А. Айғабылұлы. «Қазақ тілінің лексикологиясы»)

Тапсырма. Метафораларды тауып, мағынасын түсіндіріңіз.

Кеше Ақордада Елбасы Н.Назарбаев Украина Президенті

В.Ющенкомен кездесті. Кездесуде екіжақты ынтымақтастық көкжиегін кеңейту мәселелері талқыланды. Паң Париж, сылқым Париж, сұлу Париж. Париж туралы теңеулер өте көп. Тіпті «Парижді бір көрсең өле бер» деген де сөз бар. Осы арман қала Париждің төрінде қазақ айтысын өткізбек ниетпен бір топ ел ағалары, сегіз ақын, көптеген әнші-күйші Алматы әуежайынан аттандық («Айқын апта» газеті).

Тапсырма. БАҚ құралдарынан алынған метафораларды тауып, мағынасын түсіндіріңіз.

Рогов Парламентті іреп салды. Желге ұшқан миллиардтар; «Көксарайдың» қазығы қағылды; Алмақтың да салмағы бар; «Әлемдік қаржы дағдарысына исламдық банктер былқ етпеді»; Желге ұшқан миллиардтар; Қазанда қай «қошқардың басы қалар екен?»; Шым-шытырық ШЫҰ; Зайсан зар жылап, Марқакөл мұңайып тұр; «Алаш сахнасының Абылайы». Еуропа қазақтың кара шаңырағын мойындай бастады.

Сұрақтарға жауап беріңіз?

- 1.Көркем троп түрлері қандай мақсатта қолданылады?
- 2.Метафора дегеніміз не?
3. Әлем лингвистикасында метафора қай кезден бастап зерттелді? Қандай зерттеушілерді білесіз?
4. Метафораның қандай түрлері бар?
5. Метонимия дегеніміз не?
- 6.Синекдоха дегеніміз не?
- 7.БАҚ-та троп түрлері не үшін қолданылады?

ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.<https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%B5%D1%82%D0%B0%D1%84%D0%BE%D1%80%D0%B0>

2.<https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%B5%D1%82%D0%B0%D1%84%D0%BE%D1%80%D0%B0>

3. А. Айғабылұлы. «Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы, 2004 ж.

4.П.А. Шепаткова. «Перевод метафор в общественно-политических текстах». Санкт-Петербург, 2017б.

5. https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/21936/

6. Ақбұзауова Б. «Кәсіби қазақ тілі». Алматы:«Қазақ университеті», 2015.

7. Чудинов А.П. *Политическая лингвистика (общие проблемы, метафора): Учебное пособие.* – Екатеринбург, 2003. – С.194.